КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

ШЕШІМ

2025 жылғы 24 сәуір № 3514-25-00-2/823 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Б.Оразгалиева
сот отырысының хатшысы В.Кимның қатысуымен
ашық сот отырысында аудио-бейне таспаға жазумен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Лобынцев Андрей Александрович атынан «АгроСила» дара кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талапкердің өкілі З.А. Жақсылық
Жауапкер өкілі О.В.Лобынцева, Н.Д. Украинцева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 09 қазаңда «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі - тапсырыс беруші) және Лобынцев Андрей Александрович атынан «АгроСила» дара кәсіпкер (бұдан әрі – өнім беруші) арасында №437 «Нәрлендіру ортасы микроағзаларды арналған, құрғақ» тауарын жеткізу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

Документ подписан: Оразгалиева А. Б., 01.05.2025
Дата вступления в законную силу: 15.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 29.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың жалпы сомасы –128 000 теңге.

Шартты қамтамасыз ету 2025 жылдың 21 қазанда төленді.

Тауарды жеткізу мерзімі – өтінішті алған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде.

Тапсырыс берушінің өтінімі 2025 жылдың 9 қазанда жіберілд, соңдықтан жеткізудің соңғы күні 2025 жылдың 29 қазаны болып саналады.

65000 теңгеге тауардың бір бөлігі 2025 жылдың 18 қарашасында жеткізілді.

63 000 теңгеге қалған тауардың бір бөлігі жеткізілген жоқ.

Талап қоюшы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Жауапкер өкілі сотқа жолдаған пікірде талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды, өйткені форс-мажорлық мәнөжайларға міндеттемелерді орындамауда оның кінәсінің болмауына, атап айтқанда өндірішунің хатына сәйкес осы өнімді өндіруден бас тартуына байланысты.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұданәрі-Азаматтық Кодекс)386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабы бойынша,міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабы 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен шарт жасасып, белгіленген мерзімде, яғни өтінішті алған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, тауарды жеткізуге міндеттенген.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерін уақытында орындамаған, тауар толық тапсырылған жоқ, бұл жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Тауарды өндіруді тоқтата тұруға байланысты тауарды жеткізу мүмкін еместігі туралы дәлелдерді сот мынадай себептер бойынша есепке ала алмайды

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 359 бабының сәйкес борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде

Документ подписан: Оразгалиева А. Б., 01.05.2025

Дата вступления в законную силу: 15.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 29.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді.

Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Заңның 24-бабының 1-тармағына, 38-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді (баға ұсынысын) беру конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Осы норманың сөзбе-сөз түсіндірілуіне сүйене отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде өнім берушіде осы өнім бар деп болжанады.

Көрсетілген жағдайларда өндірушінің тауар өндіруді тоқтатуын сот жеткізушінің кінәсін болдырмайтын форс-мажорлық мәнөжай ретінде қарастыра алмайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде сот талап қоюды қанағаттандырылды деп санайды.

АПК-нің 109-бабына сәйкес, жауапкерден 1 966 теңге мемлекеттік баж салығы мемлекет пайдасына өндіріп алуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 403 баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Лобынцев Андрей Александрович атынан «АгроСила» дара кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Лобынцев Андрей Александрович атынан «АгроСила» дара кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын. Лобынцев Андрей Александрович атынан «АгроСила» дара

Документ подписан: Оразгалиева А. Б., 01.05.2025

Дата вступления в законную силу: 15.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 29.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 846 (мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Азаматтық процестік кодексінде белгіленген қағидаларды қоспағанда, тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхатты - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Оразгалиева

Документ подписан: Оразгалиева А. Б., 01.05.2025

Дата вступления в законную силу: 15.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 29.07.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

3514-25-3-6/46